

БЕКІТІЛДІ:  
«Ақбота» бөбекжайы» КМҚК  
директоры А.Б.Кишкиндаева  
бұйрық № 33

« 3 » 2021 ж

## Мектепке дейінгі ұйымы әдіскерінің лауазымдық нұсқаулығы

Мемлекеттік ұйым – Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Ақбота» бөбекжайы» КМҚК

Толық қызмет атауы – әдіскер

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Әдіскер қызметкерлер санатына жатады, жұмысқа өтініш жазу арқылы қабылданып, өтініш арқылы және мекеме директорының бұйрығы бойынша жұмыстан шығарылады.

1.2. Әдіскер қызметіне жоғары білімді маман иесі, педагогикалық еңбек өтілімі 3 жылдан асатын адамдар тағайындалады.

### 2. Лауазымдық міндеттері

<b>Лауазымдық міндеттері</b>	<p>2.1. Білім беру қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады.</p> <p>2.2. Оқу, оқу-тақырыптық жоспарлар және бағдарламаларды құрастырады.</p> <p>2.3. Балаларға арналған білім беру бағдарламаларын таңдауға (әзірлеуге) қатысады.</p> <p>2.4. Жас ерекшелік топтары бойынша сабақты жасайды.</p> <p>2.5. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын, нысанын, әдістері мен құралдарын анықтауға көмек көрсетеді.</p> <p>2.6. Оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірледі, рецензиялауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады.</p> <p>2.7. Жаңартылған педагогикалық тәжірибелерді анықтауды, зерделеуді, таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>2.8. Оқу әдістемелік құралдармен, ойындармен, ойыншықтармен топтарды жабдықтауды ұйымдастырады.</p> <p>2.9. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының жағдайына талдау жасайды.</p> <p>2.10. Тәрбиешілер үшін ашық сабақтар, семинарлар, жеке және топ бойынша консультациялар, конкурстар мен көрмелер өткізеді, шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастырады.</p> <p>2.11. Оқу-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттердің деректер банкіні жүргізеді, есепке алу және есеп беру құжаттамаларын уақытылы ресімдейді.</p> <p>2.12. Тәрбиешілердің, психологтардың, логопедтердің, музыкалық жетекшілердің, басқа да ұйым мамандарының өзара әрекеттесуін үйлестіреді.</p> <p>2.13. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметін үйлестіреді.</p> <p>2.14. Тәрбиеші лауазымына және олардың көмекшілеріне</p>
------------------------------	--

кадрларды іріктеу бойынша ұсыныстар енгізеді.

2.15.Біліктілікті арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау), педагогтарды аттестаттау бойынша жұмысты үйлестіреді.

2.16.Білім беру ұйымдарында «Құндылықтарға негізделген білім беру» тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізу.

2.17.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2.18.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2.19.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

2.20.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру;

2.21.«Ақбота»бөбекжайы» КМҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2.22.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңарту;

2.23.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

2.24.«Ақбота»бөбекжайы» КМҚК-да субъектісі жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексінің сақтауын бақылау;

2.25. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

2.26.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

2.27. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер негізінде қызметтік тексерулер жүргізу немесе оларға қатысу;

2.28. «Ақбота»бөбекжайы» КМҚК-да субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

2.29.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

### 3. Білуге міндетті

<b>Білуге міндетті:</b>	<p>3.1. Қазақстан Республикасының Конституциясын,</p> <p>3.2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің,</p> <p>3.3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын;</p> <p>3.4.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»</p>
-------------------------	---

заңын;  
 3.5. «Педагог мәртебесі туралы» заңын;  
 3.6.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын;  
 3.7.«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңын;  
 3.8. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы заңын;  
 3.9.Білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;  
 3.10.Мектепке дейінгі оқыту мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын,  
 3.11.Дидактика принциптерін, педагогика негіздерін, психологияны, жалпы және жеке оқыту және тәрбиелеу әдістерін,  
 3.12. Еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандың ережелері мен нормаларын,  
 3.14. Әдістемелік және ақпараттық материалдың жүйелендірудің қағидаларын.

#### 4. Біліктілікке қойылатын талаптар

**Тиісті санатты алу үшін жауапкершілікті анықтайтын біліктілік**

4.1. Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе қайта даярлау курстарынан өткенін растайтын құжат, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;  
 4.2. Тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білімі; мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - соңғы 5 жылдан кем емес, ауылдық жерде - соңғы 3 жылдан кем емес;  
 4.3. Педагог-шебер үшін тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім; мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - соңғы 5 жылдан кем емес, ауылдық жерде - соңғы 3 жылдан кем емес;  
 4.4.Педагог-модератор, педагог-эксперт, педагог-зерттеуші үшін бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар жағдайда педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде - соңғы 5 жылдан кем емес, ауылдық жерде - соңғы 3 жылдан кем емес.

#### Талаптары

**1.«Педагог» (санаты жоқ):**

4.5. Мектепке дейінгі ұйым әдіскеріне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы керек;  
 4.6. Үлгілік оқу жоспарының, Үлгілік оқу бағдарламаның мазмұны мен құрылымын білу, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістері туралы білімі, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру;  
 4.7.Мектепке дейінгі жылдық жоспар құру және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру;  
 4.8. Балалардың дағдыларын дамыту сапасын бақылау; білім беру ұйымы деңгейінде іс-шаралар ұйымдастырады;

	меншікті ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті білу.
<b>2.«Педагог-модератор»</b>	<p>4.9.Санаты жоқ «педагог» санатына қойылатын жалпы талаптарға жауапты болуы керек;</p> <p>4.10.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіснамасын білуі керек;</p> <p>4.11. Ұзақ мерзімді жоспар мен циклограмма жасау;</p> <p>4.12.Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану;</p> <p>4.13.Әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың жұмысын ұйымдастыру;</p> <p>4.13.Педагогтерге инновациялық технологияларды практикада қолдану бойынша әдістемелік көмек көрсету;</p> <p>4.14. Өзінің кәсіби біліктілігін арттыру;</p> <p>4.15.Меншікті ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін білу.</p>
<b>3.«Педагог-сарапшы»</b>	<p>4.16.«Педагог-модератор» санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі керек;</p> <p>4.17. Ұзақ мерзімді жоспар мен циклограмма жасау;</p> <p>4.18.Балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруды талдау дағдыларына ие болу;</p> <p>4.19.Тәрбиешілердің аудандық, қалалық кәсіби жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;</p> <p>4.20.Әдістемелік бірлестіктер, кеңестер, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру;</p> <p>4.21.Педагогтердің біліктілігін арттыру;</p> <p>4.22.Аудандық/қалалық деңгейдегі ұйым педагогтердің жеке және тәжірибелерін жинақтау, меншікті ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік.</p>
<b>4.«Педагог – зерттеуші»</b>	<p>4.23. «Педагог-сарапшы» санатына қойылатын жалпы талаптарға жауапты болуы керек, сонымен қатар:</p> <p>4.24. Аудандық, қалалық әдістемелік бірлестіктердің, семинарлардың, конференциялардың жұмысына қатысу;</p> <p>4.25. Педагогтердің зерттеу құзыреттілігін дамыту;</p> <p>4.26. Педагогтердің қалалық және облыстық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге; аудандық, қалалық және облыстық деңгейде әдістемелік жұмыстың тәжірибесін ұсыну;</p> <p>4.27. Практикалық тәлімгерлік;</p> <p>4.28. Көпшілік алдында сөйлеу және аудиториямен қарым-қатынас жасау дағдыларына ие болу;</p> <p>4.29. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін қолдануға шығармашылық ізденістер жүргізу; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістемелік әзірлемелері бар.</p>
<b>5.«Педагог-шебер»</b>	<p>4.30. «Педагог-зерттеуші» санатына қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі керек, сонымен қатар:</p> <p>4.31. Ұлттық және халықаралық деңгейдегі әдістемелік семинарлар мен конференциялардың жұмысына қатысу;</p> <p>4.32. Оқу, тәрбие әдістерін, оқу бағдарламаларын әзірлеу дағдыларын білу;</p> <p>4.33. Тәрбиешілердің облыстық және республикалық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;</p>

- 4.34. Практикалық тәлімгерлік және педагогикалық қоғамдастықтың даму стратегиясын конструктивті түрде анықтау;
- 4.35. Облыстық оқу-әдістемелік кеңесінде немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданған, әдістемелік құжаттардың болуы;
- 4.36. Ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

### 5.Лауазымдық міндеттерді іске асыруға арналған жұмыстық қарым-қатынас

Байланыс түрлері	Жиілігі	Мақсаты
Ішкі байланыс бөбекжай ұйымының педагогтары	Күнделікті	Білім беру саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау. Практикалық көмек көрсету.
Сыртқы байланыс Білім бөлімінің басшылығы.	Ай сайын	Есеп беру, ақпарат. Тапсырмаларды қабылдау, жұмысты жоспарлау және барысын талқылау.

### 6.Жауапкершілігі

Әдіскер жауапты:

6.1.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға, протекционизмге, непотизмге және жақын туыстарына тікелей бағынуға жағдай жасауға жол бермеу туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтау.

6.2. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның 15-бабы 1-тармағының 10-тармақшасына сәйкес, ішкі істер органдары мен жоғары тұрған басшылыққа құқық қорғау органдарына кәмілетке толмаған немесе оларға қарсы заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) қылмысық, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері, оның ішінде оған білім беру ұйымынан тыс кәсіби қызметке байланысты белгілі болған фактілері туралы дереу хабарлау.

6.3.«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес білім беру ұйымдарындағы заңсыз миссинерлік қызметі үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

6.4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттарын, міндеттері мен қағидаттарын білуге жауапты.

6.5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Негізгі мақсаты- тиісті квазимемлекеттік сектор ұйымы мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу.

«Ақбота» бөбекжайы» КМКК

Кәсіподақ төрайымы: Г.С.Досмагулова

«12» 09 2021ж.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым: А.Г.Умиржанова

1 данасын алдым: А.Г.Умиржанова